

С.Қ. Әлісжан¹ , С.Қ. Құлманов^{2*} ,
Н.М. Әшімбаева² , А.З. Бисенғали² 

¹Назарбаев Университеті, Астана, Қазақстан

²А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

*e-mail: k.k.sarsen@mail.ru

ФИЛОЛОГИЯ ТЕРМИНДЕРІ ТЕЗАУРУСЫНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ПАРАМЕТРЛЕРІ

Мақала білім беру жүйесіндегі филология терминдерінің тезаурус сөздігін жасаудың ғылыми-практикалық (лингвистикалық параметрлерін айқындау) мәселелеріне арналған. Мақалада тезаурус түзудің маңызды негізгі кезеңдері, тезаурусты құрайтын негізгі бірліктер, дескрипторлар мен аскриптор терминдер, олардың терминологиялық жүйені сипаттаудағы маңызы, терминдер арасындағы семантикалық байланыстарды айқындаудағы орны және т.б. мәселелер қарастырылды. Зерттеу барысында қазақ тіліндегі филология терминдері тезаурусының сөздік мақала құрылымы мынадай параметрлер жіктелді: а) дескрипторлар: Термин атауы (жеке сөз немесе сөз тіркесі); Саласы; Пәні; Терминнің анықтамасы; Терминнің Этимологиясы; Жасалу жолы; Мысалы; Дереккөзі; Терминнің авторы; ә) аскрипторлар: Оппозиті; Омонимі; Синонимі; Гиперонимі; Гипонимі; Терминдік тіркесімі; Туынды термин. Аталған параметрлердің ерекшеліктері ғылыми-теориялық тұрғыдан тілдік мысалдар негізінде ашып көрсетілді. Зерттеудің теориялық маңыздылығы: зерттеу барысында алынған нәтижелер қолданбалы терминтаным, терминография салаларының, атап айтқанда, терминологиялық қордың тезаурусын түзудің, екітілді және көптілді салалық терминологиялық түсіндірме сөздіктер әзірлеудің, электронды тезаурустар жасаудың ғылыми негіздерін нақтылап, толықтыруға ықпалын тигізеді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы салалық және тақырыптық тезаурустар әзірлеу, арнаулы терминологиялық қор жасау ісінде лексикографиялық практикада, тезаурустардың құрылымы мен мазмұнын, параметрлерін нақтылау және жетілдіру, әртүрлі тақырыптық және электронды іздеу тезаурустарын жасау бойынша практикада пайдалануға болатындығымен негізделеді.

Зерттеу жұмысында жіктеу, жүйелеу, денотативтік, дифинициялық, тектік-түрлік, логика-семантикалық, құрылымдық (морфологиялық, синтаксистік), диахрондық (этимологиялық), салғастырмалы-типологиялық және фасеттік талдау, тезаурустық, лингвистикалық, лексикографиялық және тезаурустық модельдеу әдістері пайдаланылды.

Түйін сөздер: филология терминдері, тезаурус, лингвистикалық параметр, дескриптор, аскриптор.

S.K. Aliszhan¹, S.K. Kulmanov^{2*}, N.M. Ashimbaeva², A.Z. Bissengali²

¹Nazarbaev University, Astana, Kazakhstan

²A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: k.k.sarsen@mail.ru

Linguistic parameters of the thesaurus philological terms

The article is devoted to scientific and practical problems (definition of linguistic parameters) of developing a thesaurus dictionary of philological terms in the education system. The article considers the most important main stages of thesaurus construction, the main units that make up the thesaurus, descriptor and ascriptor terms, their meaning in the description of the terminological system, their place in determining the semantic links between terms, etc. During the study, the structure of the dictionary entry of the thesaurus of philological terms in the Kazakh language was classified into the following parameters: a) descriptors: The name of the term (a separate word or phrase); Area; Subject; Definition of the term; Etymology of the term; Method of formation; Example; Source; Author of the term; b) descriptors: Opposit; Homonym; Synonym; Hyperonym; Hyponym; Combination of terms; Derivative term. The features of these parameters were revealed scientifically and theoretically on the basis of linguistic examples. Theoretical significance of the research: the results obtained during the research contribute to clarifying and supplementing the scientific foundations of applied terminology, terminography, in

particular, the construction of a thesaurus of the terminological fund, the development of bilingual and multilingual industry terminological explanatory dictionaries, the creation of electronic thesauri.

The practical significance of the research is justified by the fact that it can be used in the lexicographic practice of developing sectoral and thematic thesauri, creating a special terminological fund, clarifying and improving the structure and content of thesaurus parameters, developing various thematic and electronic search thesauri.

The research work uses methods of classification, systematization, denotative, definitional, genus-species, logical-semantic, structural (morphological, syntactic), diachronic (etymological), comparative typological and faceted analysis, thesaurus, linguistic, lexicographic and thesaurus modeling.

Keywords: philological terms, thesaurus, linguistic parameter, descriptor, ascriptor.

С.А. Алисжан¹, С.К. Кулманов^{2*}, Н.М. Ашимбаева², А.З. Бисенгали²

¹Назарбаев Университет, Астана, Казахстан

²Институт языкознания имени А. Байтурсынова, Алматы, Казахстан

*e-mail: k.k.sarsen@mail.ru

Лингвистические параметры тезауруса филологических терминов

Статья посвящена научно-практическим проблемам (определению лингвистических параметров) разработки тезаурусного словаря филологических терминов в системе образования. В статье рассмотрены важнейшие основные этапы построения тезауруса, основные единицы, составляющие тезаурус, дескриптор- и асриптор-термины, их значение в описании терминологической системы, место в определении семантических связей между терминами и др. В ходе исследования структура словарной статьи тезауруса филологических терминов в казахском языке была классифицирована на следующие параметры: а) дескрипторы: Название термина (отдельное слово или словосочетание); Область; Предмет; Определение термина; Этимология термина; Способ образования; Пример; Источник; Автор термина; б) асрипторы: Оппозит; Омоним; Синоним; Гипероним; Гипоним; Сочетание терминов; Производный термин. Особенности указанных параметров были раскрыты научно-теоретически на основе языковых примеров. Теоретическая значимость исследования: полученные в ходе исследования результаты способствуют уточнению и дополнению научных основ прикладного терминоведения, терминографии, в частности, построения тезауруса терминологического фонда, разработки двухязычных и многоязычных отраслевых терминологических толковых словарей, создания электронных тезаурусов.

Практическая значимость исследования обосновывается тем, что оно может быть использовано в лексикографической практике разработки отраслевых и тематических тезаурусов, создания специального терминологического фонда, уточнения и совершенствования структуры и содержания параметров тезаурусов, разработки различных тематических и электронных поисковых тезаурусов.

В исследовательской работе использованы методы классификации, систематизации, денотативного, дефиниционного, родо-видового, логико-семантического, структурного (морфологического, синтаксического), диахронного (этимологического), сопоставительно-типологического и фасетного анализа, тезаурусного, лингвистического, лексикографического и тезаурусного моделирования.

Ключевые слова: филологические термины, тезаурус, лингвистический параметр, дескриптор, асриптор.

Кіріспе

Қазіргі ақпараттық қоғамда білімді сақтау, жүйелеу және жеткізу үшін әртүрлі құралдар (қағаз және электронды нұсқадағы анықтамалықтар, сөздіктер, нұсқаулықтар, стандарттар, тезаурустар және т.б.) қолданылатыны белгілі. Осы ретте білімді алу мен бекітуде, оның мазмұндық қаңқасын құрайтын терминологияны жүйелеуде аса маңызды болып табылатын тезаурус түзудің ғылыми-практикалық негіздерін зерделеу бүгінгі күні қазақ тіл білімінің өзекті мәселесі саналады.

«Тезаурус» ұғымы гректің *thesauros* сөзінен шыққан, қазақ тілінде «қазына», «қор» деген мағыналарды білдіріп, бірнеше ғылым саласында қолданылады, мысалы, *әдебиеттануда*: жекелеген авторлардың еңбектеріне немесе белгілі бір кезеңнің материалына негізделген, жеке тұлға да, әлеуметтік топтарға да тән білім жүйесі; *педагогикада*: пәндік салаға енетін ғылым; оқу пәндерінің тезаурустары; білім беру процесіндегі жеке тұлға тезаурусы; *психологияда*: басты ұғымдармен байланысты ассоциацияға негізделген мазмұнның жүйесі; *информатика, компьютер және машиналық аударма салаларында*:

жадта орныққан сөздер түріндегі ақпарат жүйесі; компьютер жадына енгізілген терминдер арқылы ақпарат беретін индекс; ақпаратты қабылдау мен өңдеуге қажетті жүйе; сөздердің немесе пән саласы туралы ақпараттың немесе арнаулы ұғымдардың жиынтығы; ақпаратты іздеуге арналған тақырыптардың немесе дескрипторлардың тізімі және т.б.

«Тезаурус» ұғымына лингвистикалық тұрғыдан берілген анықтамаларды төмендегіше жинақтауға болады: жалпы мағынасы – «арнаулы терминология»; жеке пәндік мағынасы – белгілі бір ғылым саласындағы ұғымдарды, анықтамалар мен терминдерді толыққанды қамтитын сөздік немесе мәтіндер корпусы; белгілі бір пәндік саланың терминдер жиынтығы және олардың арасындағы семантикалық қатынастар (байланыстар) (синоним, омоним, антоним, гипоним, гипероним және т.б.) туралы қосымша ақпараты бар сөздік; пайдаланушы немесе жүйе қолданатын сөздердің, ұғымдар мен мәліметтердің жиынтығы және олардың арасындағы семантикалық байланыс; сөздер әліпби ретімен емес, пәндік-тақырыптық топтар түрінде берілген, табиғи тілдің сөздігі; құрастырушыға қолжетімді дереккөздерде кездескен барлық сөзді қамтитын сөздік; жинақтаған білім мен тәжірибені бейнелейтін сөздік; қандай да бір тілдегі барлық (немесе барлығына жуық) сөздердің түсініктемесі берілген (немесе берілмеген) жиынтығы; тиісті білім саласының сөздік моделі және т.б.

Қазіргі жаһандану дәуірінде ғылым мен білім, техника мен технологияның қарқынды дамуы тіл білімінің қолданбалы саласына жаңа талаптар қойып отыр. Соның ішінде білім беру жүйесін заман талабына сай жетілдіру үшін оның терминологиялық аппаратын қалыптастыру мен дамыту, тезаурус сөздігін құрастырудың өзектілігі орасан. Өйткені білім беру саласының терминдері өркениеттің дамуына байланысты күн санап толығып отыр. Сонымен қатар әртүрлі тезаурустар түзу қазақ тіл білімінде корпус-тық лингвистика мәселелерімен қатар енді қолға алынып отырған жаңа бағыт болып табылады.

Әлемдік лингвистикада табиғи тілдік мәтінді автоматты өңдеу бойынша әзірленген әдістер мен құралдар болғанымен, қазақ тілінде тезаурус түзу – күрделі мәселе. Атап айтқанда, пәндік салалар бойынша мәтіндік корпус-тық лексикографиялық ақпарат көздерінің өте аздығы, қазақ тілінің ерекшелігі (морфологиялық құрамы күрделі агглютинативті тіл болуы, морфологияның семантикамен тығыз бай-

ланысты болуы) және т.б. Осыған байланысты қазақ тіліндегі тезаурустар қазіргі кезде негізінен қолмен жасалып, көп уақытты талап ететін күрделі жұмыс болып табылады. Осы ретте бұл мақалада қазақ тіліндегі филология терминдерінің тезаурусын жасаудың ғылыми-қолданбалы мәселелері, негізінен, тезауруста алынған сөздік мақаланың басты бірліктерін, оны құрайтын элементтерді анықтау, олардың бір-бірімен байланысын сипаттау мақсаты көзделді. Мақалада шешімін тапқан мәселелер қазақ тіл біліміндегі тезаурус жасау ісін теориялық және практикалық тұрғыда байытады, терминологиялық ішкорпус-тар түзу ісіне үлес қосып, компьютерлік лингвистика саласында және табиғи тілді өңдеу үшін қолданбалы жүйелерді әзірлеу саласында зерттеулерге жол ашады деп санаймыз.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысында білім беру жүйесінің, оның ішінде филология (тіл білімі және әдебиеттану) саласының терминологиялық қорының кешенді лингвистикалық моделін арнаулы тезаурус ретінде әзірлеудің ғылыми-практикалық мәселелерін талдау және шешу үшін мынадай әдіс-тәсілдер қолданылды: терминология және терминография салаларына, оның ішінде филология саласы терминдерін қолданылатын пәндері бойынша *жіктеу*, *жүйелеу*, терминдердің анықтамаларын беруде *денотативтік*, *дифинициялық* әдістер, терминдердің оппози-терін, омонимдерін, синонимдерін анықтау кезінде *логика-семантикалық талдау*, *тектік-түрлік талдау*; терминдердің жасалу жолын, тіркесімдері мен туынды терминдерді анықтауды *құрылымдық (морфологиялық, синтаксистік) талдау*, терминдердің этимологиясын айқындау кезінде *диахрондық (этимологиялық) талдау* әдістері.

Тезаурустың құрылымын қалыптастыру ба-рысында *лингвистикалық және лексикография-лық модельдеу*, *салғастырмалы-типологиялық талдау әдістері*, *фасеттік талдау* (қандай да бір белгілері бойынша кіші топтарға бөлу) әдісі, сондай-ақ тіл ғылымында орныққан *«тезаурус-тық модельдеу әдісі»* кеңінен қолданылды. Бұл әдіс ғылым еңбектерде түрліше түсіндіріледі: «тезаурустық модельдеу әдісі» компоненттік талдау, дефинициалды талдау, семантикалық өріс, типология тәсілдерін де қамтиды (Быкова С.Е.); «тезаурустық модельдеу әдісі» белгілі бір саланың терминжүйесін талдауға арналып, мәтін модельденетін тезаурусты алу үшін мате-

риал ретінде пайдаланылады (Прошина А.А., Горбунов Е.Ю.); «тезаурустық модельдеу әдісі» сөз мағынасының семантикасын талдауға арналғандықтан, «семантикадағы тезаурустық талдау әдісі» деп те аталады (Караулов Ю.Н.); «тезаурустық модельдеу әдісі» мәтін түріндегі тілдік білім жүйесін объективті айқындау мен пайымдауға бағытталған зерттеу тәсілдерінің жиынтығы болып табылады (Осокина С.А.).

Мақалада жалпы тіл біліміндегі тезаурустар түзудің әдіс-тәсілдері, олардың құрылымы мен ерекшелігі, тезауруста лингвистикалық және экстралингвистикалық ақпаратты беру және т.б. ғылыми-практикалық мәселелеріне арналған ғылыми еңбектерге *сыни талдау* жасалып, филология терминдері тезаурусын түзуге қажетті материалдарды (терминдерді, терминдердің анықтамаларын, олардың этимологиясын табу және т.б.) өңдеу мақсатында түрлі салалық терминологиялық сөздіктер қолданылды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы ретінде тезаурус жасаудың лингвистикалық (теориялық және практикалық, ғылыми және қолданбалы) қағидаттарын жетілдіруге арналған тұжырымдар ұсынылды. Зерттеу барысында алынған нәтижелер қолданбалы терминтаным, терминография салаларының, атап айтқанда, терминологиялық қордың тезаурусын түзудің, екітілді және көптілді салалық терминологиялық түсіндірме сөздіктер әзірлеудің, электронды тезаурустар жасаудың ғылыми негіздерін нақтылап, толықтыруға ықпалын тигізеді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы салалық және тақырыптық тезаурустар әзірлеу, арнаулы терминологиялық қор жасау ісінде лексикографиялық практикада, тезаурустардың құрылымы мен мазмұнын, параметрлерін нақтылау және жетілдіру, әртүрлі тақырыптық және электронды іздеу тезаурустарын жасау ісінде пайдалануға болатындығымен негізделеді.

Әдебиеттерге шолу

Қазіргі тіл біліміндегі ғылыми парадигмада «тезаурус» ұғымы білім жүйесін қамтитын құрал ретінде төмендегіше түсіндіріледі: идеографиялық сөздіктер «тезаурус» ретінде саналады (Kirckpartick B., Luts W. D., Roget P.M.); «тезаурус» әлем туралы білімнің когнитивті жүйесі ретінде түсініліп, «әлем бейнесі» терминімен сәйкес қолданылады (Караулов Ю.Н.); тезаурус «ментальды лексикон» ретінде түсініледі (Кубрякова Е.С.; Залевская А.А.); қолданбалы тіл

білімінде ақпараттық-іздеу тезаурустары дайындалып, олар да тезаурус деп аталады (Лукашевич Н.В., Gader N., Benjamin M., Rosman M.Z.); тезаурус жасанды интеллект жасауда қолданылады (Negnevitsky M.) және т.б.

«Тезаурус» ұғымына негізгі сөздіктер мен ғылыми зерттеулерде берілген анықтамаларды келтірейік:

- өзін құрайтын элементтері арасындағы семантикалық қатынасты көрсететін кез келген сөздік (Караулов Ю.Н.);

- сөздердің түрлі мәтіндердегі қолданысы басынша көп қамтылған сөздік (Ярцева В.Н.);

- лексикалық бірліктердің мүмкіндігінше толық жинақталған қоры; олардың арасындағы түрлі (семантикалық, синонимдік, тектік-түрлік) қатынастарды және басқа да ерекшеліктерді бейнелейтін идеографиялық сөздік (Гришина Е.А.);

- лексикалық бірліктер арасындағы семантикалық қатынастарды айқындайтын көрсетілген идеографиялық сөздік (Шайкевич А.Я.);

- терминдер мен анықтамалардың мейлінше толық әрі жүйеленген тізімі (Петунин О.В.);

- компьютерлік лингвистикада ақпаратты іздеу, семантикалық веб, гетерогенді түрлі дереккөздерді интеграциялау, ережеге негізделген машиналық аударма жасауға арналған құрал (Добров Б.В.);

- тілдің сөздік қоры толықтай қамтылған жүйелік-идеографиялық сөздік (Матвеева Т.В.);

- белгілі бір салада мағыналары жуық терминдер мен ұғымдарға жіктелген арнаулы терминологиялық сөздік (Lukashevich N.V.);

- терминдердің бір-бірімен байланысын көрсететін жүйе (Ryan C.);

- «тезаурус» және «идеографиялық сөздік» терминдері синоним ретінде қарастырылады (Осокина С.А.);

- термин туралы толық ақпаратты бірнеше тілде беретін, терминдердің машиналық аударма жасауда компьютерлік бағдарламалар тани алатын интероперабельді жүйесі (Баекеева А.Т.) және т.б.

XX ғасырдың ортасында тілдік тезаурустар әртүрлі ғылым салаларында ақпараттық-іздеу құралы ретінде пайдаланыла бастап, белгілі бір мақсатта қолданылатын мәлімет алудың дереккөзіне айналды.

Ғалым С.А. Осокина тезаурус түзудің лингвистикалық теориясын қарастыра келе, мынадай тұжырымға келеді:

- тезаурустар тілдің лексикасын жүйелі түрде қамтуға бағытталады;

- тезаурустық сөздіктер жасау тарихында олардың негізгі үш түрі белгілі: а) қандай да бір ортақ тақырыпқа біріктірілген сөздерден тұратын тақырыптық сөздіктер; ә) жалпы ойлау категориялары мен ұғымдардың сөзге айналу барысын бейнелейтін дербес тезаурустар немесе идеографиялық сөздіктер; б) сөздерді әліпби ретімен беру және мағыналық топтарға бөлу қағидаттары біріктірілген «ұқсас» сөздіктер;

- сөздерді тезаурустарда беру тәсілдері (тиісті әріптік немесе цифрлық индекстеу арқылы топтарға бөлу) тілді логика категориялары арқылы үйрену және жасанды формалды тілдерді жасау идеясын дамытып, бұл кейіннен компьютерлік тілдердің пайда болуына және жасанды интеллект жүйесін құрылымдауға алып келді (Осокина, 2015: 28-29).

Ғылыми еңбектерге шолу жасай отырып, тезаурусты зерттеу теориясында негізгі деген үш аспектіні аңғарамыз: *лингвистикалық, ақпараттық, философиялық*. *Лингвистикалық* аспект тезаурустың сөздік түрі екендігімен тығыз байланысты, жалпы тезаурус алғашқыда лингвистикалық ұғым ретінде қалыптасты (Осокина, 2015: 71). Тезаурусты *ақпараттық* тұрғыдан түсіну оның ақпараттық-ізденіс жүйесінің бірлігі екендігін айқындайды. Осымен байланысты «ақпараттық-ізденіс тезаурусы» (АІТ) ұғымы пайда болады. АІТ – ақпаратты автоматты өңдеу мен мен іздестіруді жеңілдететін сөздік түрі, оған түрлі анықтамалықтар, МемСТ т.т. жатады. (Жұбанов, 2012: 426-427). Тезаурусты *философиялық* тұрғыдан сипаттау шындық болмысты құрайтын тұтас білім жүйесін баяндаумен байланысты, тезаурусты білім жүйесін қалыптастыратын пәнаралық ұғым ретінде қарастырудан туындайды. Ю.А. Шрейдердің тезаурусқа берген анықтамасы осы көзқарасқа сай: «кең мағынасында, тезаурус шындық жайындағы білімді сипаттау» деп түсіндіріледі (Шрейдер, 1982: 37).

Қазіргі тезаурустық сөздіктер негізгі түрлері былайша топтап көрсетіледі: 1) сөздердің байланыстарын ашатын сөздіктер (синонимдер, антонимдер, тіркесім сөздіктері); 2) ұғым мен сөз арасындағы байланыстарды ашатын сөздіктер (идеографиялық, тақырыптық сөздіктер, WordNet тәрізді электронды тезаурустар); 3) стимул-сөз бен реакция-сөздің арасындағы байланыстарды ашатын сөздіктер (ассоциативтік сөздіктер) (Осокина, 2015: 71).

Қазіргі таңда тезаурустардың көптеген танымал моделдері бар. Мысалы: *Roget's Thesaurus of English Words, AGROVOC, AGCOM, EuroVOC,*

EuroWordNet French, RussNet, PyTез, SNOMED, WordNet, ЮНЕСКО тезаурусы және т.б.

Қазақ тіл білімінде «тезаурус» ретінде жекелеген авторлардың шығармаларындағы лексикалық бірліктердің түсіндірмелері берілген сөздіктер аталып келді. Мысалы, «Қадырғали Жалайырдың «Жамиғат тауарих» жылнамасының тезаурус сөздігі» мен «Әбілғазы баһадүр ханның «Түркі шежіресінің» тезаурус сөздігі» атты еңбектерде аталған шығармалардағы барлық лексикалық құрамы қамтылып, мағыналары берілген, еркін және тұрақты (фразеологиялық) тіркестер, араб және парсы сөздері енгізілген, ономастикалық атаулардың тізімі берілген (Қадырғали, 2011; Мамырбекова, 2013).

Зерттеуші М.А. Самбетбаева PhD диссертациясында ақпараттық іздеудегі тезаурус, тезаурустарды құру технологиясы, тезаурусты ұсыну стандарты, тезаурустардың деректер схемасы, тезаурустың құрылымы сияқты мәселелерді қарастырып, тезаурус жасаудың: құжат пен пайдаланушының табиғи тілін, индекстеу мен іздеу үшін қолданылатын бақыланбалы сөздікке аударуды қамтамасыз ету; индекстеу бірлігін дәйекті пайдаланылуын қамтамасыз ету; терминдер арасындағы қатынасты сипаттау; құжатты іздеу кезінде іздеу құралы ретінде пайдалану; дәстүрлі ақпараттық-іздеу тезаурустарының бірліктері және т.б. негізгі мақсаттарын көрсете келе, тезаурус жасаудың кезеңдерін былайша көрсетеді: 1) сөздік құру; 2) кілттік сөздердің жиынтығын қалыптастыру; 3) эквиваленттілік кластарын қалыптастыру (Самбетбаева, 2016: 25-26).

Кейінгі кездері құрылымы әртүрлі, оның ішінде қазақ және орыс тілдерінің материалдарын салғастыру және түркі тілдес тілдердің материалдарын салыстыру негізінде де тезаурустар жасалса (Бименова, 2013: 53; Шәріпбай, 2020а: 111-117), сонымен қатар әдеби шығармаларды тезаурустық талдауға арналған ғылыми еңбектер де көптеп жазылуда (Аймұхамбет, 2022: 85-102; Саркенова, 2022: 222-232; Абикенова, 2024: 218-227).

Қазақ терминологиясында тезаурус жасау бойынша А.Т. Баекееваның еңбектерінде салалық аудармаларға арналған бақыланатын көптілді тезаурустарды (IST) құрудың практикалық мәселелері (Баекеева, 2021: 35-44), бақыланатын көптілді тезаурусты немесе сөздікті құрастырудың теориялық және әдіснамалық мәселелері (Баекеева, 2022: 83-98), салалық терминдерге арналған көптілді тезаурус жасау мәселелері қарастырылады (Баекеева, 2021).

Тіл білімінде соңғы жылдары әртүрлі тезаурустарды Chat GPT платформасының (Castillo-González, 2023: 1:23; Kalla, 2023: 827-833), әртүрлі компьютерлік құралдардың (Han, 2020: 56; Musk, 2022: 119-144; Rowe, 2022: 883-906), жасанды интеллектінің (Godwin-Jones, 2022: 5-24; Sambetbayeva, 2022: 68-76) көмегімен жасау бойынша зерттеулер жүргізілген.

Нәтижелер мен талқылау

Әлем тілдерінде тезаурус әзірлеудің ғылыми-практикалық мәселелеріне арналған еңбектерді, жасалған тезаурустарды қарастыра келе, мынадай тұжырымға келеміз: біріншіден, барлық тезаурустар тілдік ақпаратты іздейтін лингвистикалық құрал болып табылады; екіншіден, ақпаратты іздеу жад категориясымен байланысты болғандықтан, тезаурус әзірлеу ісі қазіргі компьютерлік технологиялармен тығыз байланысты жүреді; үшіншіден, тезаурустар білімді жинақтау, сақтау мен таратудың лингвистикалық-қолданбалы құралы саналады.

Осы кезге дейін жасалған әртүрлі тезаурустардың өзіндік ерекшеліктерін негізге ала отырып, оларды үш топқа бөлеміз:

- *бірінші топ* (сөздік) бойынша: а) тезаурус сөздер мен сөйлемдердің ұйымдасқан жүйесі ретінде түсініледі; ә) тезаурус өзінің мағыналық элементтері арасындағы семантикалық байланысты көрсетеді; б) тезаурус біртүрлі сөздің типі ретінде қарастырылады;

- *екінші топ* (ақпараттық-іздеу) бойынша: а) тезаурус тілдік жүйе элементтерін білдіреді; ә) тезаурус тілдің лексикалық бірліктері арасындағы (ақпараттық іздеу) байланыс жүйесін көрсетеді; б) тезаурус ақпараттық іздеу және табиғи тілдің элементтері арасындағы байланыс жүйесін көрсетеді; в) тезаурус бағдарламалық қамтамасыз етудің компоненті ретінде түсініледі;

- *үшінші топ* (білім) бойынша: а) тезаурус ұғымдар мен білімнің күрделі жүйесі саналады; ә) тезаурус білімнің қандай да бір саласындағы ұғымдар арасындағы байланысты көрсетеді; б) тезаурус білімнің әртүрлі салалары арасындағы байланысты көрсетеді; в) тезаурус педагогикалық ортаның, ақпараттық іздеу тілінің қызмет етуіне негіз болатын сөздік саналады.

Белгілі бір салаға арналған тезаурус түзудің маңызды негізгі кезеңдерін былайша көрсетуге болады:

- әзірленетін тезаурустың тақырыбын (саласын, мазмұнын) анықтау;

- тезаурустың тақырыбы айқындалған соң оған енгізілетін сөзтізбе құрамын іріктеу және тезаурус сөзтізбесін қалыптастыру;

- тезаурусқа енгізілетін ұғымдарды жіктеу;

- тезаурус сөзтізбесі мен ұғымдарды үйлестіру және солардың негізінде тезаурустың параметрлерін (әліпбилік, лексика-семантикалық және т.б.) қалыптастыру;

- тезаурустың алғашқы редакциясының құрамын пысықтап, кеңейтіп, сараптама жүргізу;

- тезаурусты әрі қарай толықтырудың жүйесін, яғни оны қолдану барысында өзгерістер мен толықтырулар енгізу ережелері мен тәртібін әзірлеу.

Қазақ және орыс тілінде екітілді тезаурус жасау тәсілін қарастырған авторлар қазақ тілінің пәндік тезаурусын жасау үшін мына міндеттер шешімін табуға тиіс деген тұжырымға келеді:

1) тезаурустың сөздік мақаласының құрылымын анықтау;

2) тезаурус тақырыбы бойынша параллель корпус қалыптастыру;

3) мәтіндер корпусынан терминдерді бөліп алу тәсілін анықтау және терминдер тізімін қалыптастыру;

4) терминдер арасындағы қатынасты айқындау (Бименова, 2013: 54).

Тезаурус жасау барысында сөздік мақаланы түзетін негізгі бірліктер, ең әуелі, *дескрипторлар* мен *аскрипторларға* ажыратылады. Тезауруста қамтылған барлық терминдер осы екі ұғым бойынша топтастырылады. Тезаурус түзу әдістемесінде *дескриптор термин* ерекше орын алады, ол – тезаурустың құрылымы бойынша берілетін негізгі термин. Терминологиялық жүйенің барлық терминдерін толық қамту мақсатында дескриптор терминдер алдын ала белгіленіп алынады. Мұны тезаурустың құрылымында «ізденіс термині» деп те атайды. Тезаурус құрылымында дескрипторлардың бұлай аталуы жайданжай емес. Онда негізгі алынған ұғым жөніндегі толыққанды ақпарат көрініс табуға тиіс. Тезаурус сөздіктердің оқырманға жеткізер басты мақсаты да – осы. Сондықтан сөздік мақала құрылымында дескрипторларды нақты анықтаудың маңызы зор.

Дегенмен барлық терминдер дескриптор ретінде тезаурустың сөздік мақаласына алына бермейді. Басқа терминдермен ұғымдық жағынан тектік-түрлік, семантикалық қатынаста келетін терминдер дескриптор термин болып қабылдана алады. Ал тезаурус құрылымына енгізілетін *аскриптор терминдер* – дескрип-

торлардың тезауруста берілетін семантикалық қатынастарын толыққанды сипаттау үшін қолданылатын тезаурус жүйесіндегі ұғым. Дескрипторды жүйе құрайтын басты ұғым болса, аскрипторлар – сол жүйені кең тануда қызмет ететін, оның терминологиялық жүйедегі орнын айқындайтын басқа да терминдер тізбегі. Аскрипторды дескрипторлардың семантикалық қатынасының бір бөлшегі ретінде қызмет ететін терминдер деп түсінеміз, сондай-ақ аскриптор дәрежесіне қысқартылып берілетін атауларды да жатқызуға болады. Кейде бір ғана ұғым бірден артық терминмен берілуі мүмкін. Егер бірнеше термин бір ғана ұғымды білдірсе, олардың бірі дискриптор ретінде саналып, басқалары аскриптор аталады.

Дескриптор мен аскриптордың байланысы терминологиялық жүйедегі семантикалық қатынастарды айқындауға жол ашады. Тезаурус құрамындағы терминдерді дескриптор мен аскрипторларға ажырату терминологиядағы семантикалық үдерістерді (көпмағыналық, кеңмағыналық (эврисемия), мағынаның жылжуы (кеңею/тарылу), жарыспалылық және т.б.) неғұрлым нақтылай түсуге көмектеседі.

Ғалым С.Е. Никитина дескриптор терминді таңдаудың мынадай басты шарттарын атайды: 1) бір мағыналы болуы; 2) дескриптор терминдердің жүйе ішінде басқа терминдермен синтаксистік байланысқа түсу қабілеті жоғары болуы; 3) дескриптор термин өзі қатысты жүйе ішіндегі тізбекті терминологиялық құрылымды терең қамтуға тиіс (Никитина, 1983: 14). Осы талаптарға қарап, аскриптор терминдерге қатысты кейбір шарттарды айқындауға болады. Аскриптор терминдер – дескрипторлармен тығыз байланыста болып, оларды терең танытуға қызмет ететін әртүрлі мәндік қатынастарды айқындай алатын ұғым. Аскриптор терминдер тезаурус құрылымында семантикалық қатынастарды (опозит, синонимия, омонимия), сатылы қатынастарды (тіркесімділік, туындылық), шығу тегі мен терминнің пайда болу көздерін және т.б. белгілі бір терминологиялық жүйеге тән іргелі ұғымдарды анықтайды.

Түркі тілдері грамматикасының тезаурусын жасаған ғалымдар дескрипторлар арасындағы семантикалық қатынастарды шартты түрде 3 түрге бөледі: «жақындық қатынастары» (антонимия, омонимия, паронимия, синонимия, лексикалық полисемия, грамматикалық полисемия), «иерархиялық қатынастар» (гипероним, гипонимия, меронимия (партонимия), холоним)

және «ассоциативті қатынастар» (Шәріпбай, 2020б: 279-280).

Қазақ тіліндегі филология терминдерінің тезаурусын әзірлеу барысында классикалық тезаурустарда белгіленетін кең тараған қатынастар негізге алынып, сөздік мақала құрылымы мынадай параметрлерге бөлінді: Термин атауы (жеке сөз немесе сөз тіркесі); Саласы; Пәні; Терминнің анықтамасы; Терминнің Этимологиясы; Жасалу жолы; Мысалы; Дереккөзі; Терминнің авторы; Оппозиті; Омонимі; Синонимі; Гиперонимі; Гипонимі; Терминдік тіркесімі; Туынды термин.

Қазақ тіліндегі филология терминдерінің тезаурусына мысал:

Термин. Мұнда дескриптор терминнің атауы берілді: мысалы, *әріп, сөйлем*.

Саласы. Мұнда дескриптор терминнің қолданылатын негізгі саласы көрсетілді: мысалы, *әріп, сөйлем* терминдерінің қолданылатын саласы – *тіл білімі*. Сондай-ақ лингвистикалық терминдердің кейбірінің басқа ғылым салаларында да термин ретінде қолданылуы көрсетілді. Мысалы, *түбір* терминінің қолданылу салалары: *тіл білімі, биология, математика, медицина*.

Пәні. Мұнда дескриптор терминнің қолданылатын пәні аталды: мысалы, *әріп* термині қолданылатын пәндер: *фонетика, фонология, грамматология, жазу теориясы, баспа ісі, полиграфия, бастауыш мектеп әдістемесі, әліппе, қазақ тілі; сөйлем* термині қолданылатын пәндер: *сөйлем синтаксисі, синтаксис, грамматика, қазақ тілі; түбір* термині қолданылатын пәндер: *сөзжасам, терминология, грамматика, тіл тарихы*.

Анықтамасы. Мұнда дескриптор терминнің анықтамасы берілді: мысалы, *әріп* терминінің анықтамасы – *Ауызша тілді жазуда таңбалаудың графикалық жүйесінің ең кіші бірлігі; дыбыстық-әріптік жазудағы дыбыстың таңбасы; сөйлем* терминінің анықтамасы – *Сөйлем – белгілі бір ойды білдіретін, бастауыштық-баяндауыштық қатынаста құрылған синтаксистік бірлік*. Дескриптор терминнің анықтамасы негізінен ғылыми еңбектерден алынып, олардың дереккөздері келтірілді. Мысалы, *Сөздің лексикалық мағынасын сақтаушы негізгі бөлік* (Салқынбай А., Абақан Е. Тіл әлемі: лингвистикалық терминдердің анықтамалық сөздігі. – Толық. 2-бас. / А. Салқынбай, Е. Абақан. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 309-б.).

Этимологиясы. Мұнда дескриптор терминнің этимологиясы көрсетілді: мысалы, *әріп* терминінің этимологиясы – [араб. *أحرف*], харф,

мағынасы: әріп; сөз; *сөйлем* терминінің этимологиясы – «сөйле» етістігіне -м жұрнағының үстемеленуі арқылы термин ретінде қалыптасқан; *түп* терминінің этимологиясы – *түп* – көне түркі; *сөзжасам* терминінің этимологиясы – *сө* – көне түркі; *жаса* – қазақ. Егер термин халықаралық болса, түпнұсқа тілдегі нұсқасы және оның қазақ тіліндегі аудармасы берілді. Мысалы, *сема* терминінің этимологиясы: *сема* – грек. *sema* «таңба».

Морфологиялық құрылымы. Мұнда дескриптор терминнің морфологиялық (*түбір, туынды, қысқарған*) құрылымы көрсетілді: мысалы, *әріп* терминінің морфологиялық құрылымы – *түбір*; *сөйлем* терминінің морфологиялық құрылымы – *туынды*.

Жасалу жолы. Мұнда дескриптор терминнің жасалу жолы көрсетілді (*синтетикалық, аналитикалық, лексика-семантикалық (конверсия), күделі сөз, бірігу, кірігу, бейонимдену, субстантивтену, адвербиалдану, универвтену, дефразеологизмдену және т.б.*): мысалы, *әріп* терминінің жасалу жолы – *лексика-семантикалық*; *сөйлем* терминінің жасалу жолы – *синтетикалық*; *сөзжасам* терминінің жасалу жолы – *біріккен термин, аналитикалық*; *жалаң жұрнақ* терминінің жасалу жолы – *тіркесті термин, аналитикалық*.

Мысалы. Мұнда дескриптор терминнің қолданысына мысал келтіріледі. *Әріп* терминінің мысалы: *Жалпы тіл білімінде жазуды зерттейтін грамматология (грамматология гректің gramma «әріп жазу», logos «білім» деген сөзінен шыққан), графемика (графема мен дыбыс, әріп қатынасы), графикалық лингвистика салалары айқындалғанмен, бұл бағыттағы зерттеулер тапшы болып отыр*); *Сөйлем* терминінің мысалы: *Кез келген сөйлем тиянақты ойды білдіре алмайды, мұндай толық ой оның айналасындағыларға басқа контекспен, басқа сөйлемдердің қарым-қатынасы арқылы беріледі*.

Дереккөзі: Мұнда дескриптор терминнің қолданысына мысал келтірілген дереккөз келтіріледі. *Әріп* термині алынған мысалдың дереккөзі: Күдеринаова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы: Елтаным, 2016. – 316 бет; *сөйлем* термині алынған мысалдың дереккөзі: Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. – 365-б.

Терминнің авторы. Мұнда дескриптор терминнің авторы көрсетіледі, егер авторы белгісіз

болса, бос орын қалдырылды. Мысалы, *сөйлем* терминінің авторы – *А. Байтұрсынұлы. Сөйлем дегеніміз – сөздердің басын құрастырып, біреу айтқан ой* (Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы, Ана тілі, 1992, 263-б.).

Мақалада қарастырылып отырған филология терминдері тезаурусының жоғарыда аталған параметрлері (Термин атауы (жеке сөз немесе сөз тіркесі); Саласы; Пәні; Терминнің анықтамасы; Терминнің Этимологиясы; Жасалу жолы; Мысалы; Дереккөзі; Терминнің авторы) дескриптор терминге қатысты болса, тезаурустың бұдан төмендегі элементтері аскрипторлар болып табылады.

Оппозиті. Мұнда дескриптор термин қарама-қарсы немесе оппозиция бола алатын термин көрсетіледі: мысалы, *әріп* терминінің оппозиция – «дыбыс», *сөйлем* терминінің оппозиция – *сөз, сөз тіркесі*.

Қазақ тілінің филология терминдерінің тезаурусын түзу барысында «оппозит» термині дыбысталуы және жазылуы әртүрлі, бір-біріне тура (кейде жанама) қарама-қарсы мағынаны білдіретін дескрипторлардың семантикалық байланысын білдіру үшін қолданылды. Алайда тезаурус түзу тәжірибесінде «оппозит» элементі салыстырмалы түрде енді ғана қолданыла бастағанын ескеру қажет. Осыған байланысты кейбір тезаурустардың құрылымында *коррелят* термині пайдаланылған. *Коррелят* көне латын тілінен аударғанда *correlatio* – «арақатынас» мағынасын беріп, терминдердің өзара қатынасын, қарама-қарсы байланысын білдіретін атау ретінде қолданылады.

Дегенмен оппозиция ретінде алынған «терминологиялық антонимдерді» жалпы лексикадағы антонимдермен бір қатарға қоя алмаймыз. Жалпы лексикада «мағынаны қарама-қарсы қою» негізгі алынса, терминдік жүйеде «ұғымды қарсы қою» есепке алынады. Мысалы, *сөйлем* терминінің оппозиция ретінде *сөз, сөз тіркесі* терминдері көрсетілді, мұндай ұғымдық қайшылық олардың терминологиялық мазмұнынан өрбитін белгілерге байланысты. Білім беру жүйесінде *сөйлемді* құрылымдық жағынан болсын, қызметі жағынан болсын бөлек ұғым ретінде оқытады, мұндай әдіс нысанды тануда, жете түсінуде маңызды екендігі сөзсіз. Айталық, *сөйлем* өзінің оппозициятерімен салыстырғанда, құрылымы жағынан – күрделі, қызметі жағынан – «белгілі бір ойды білдіруі» (қарсы жұптарында – «атау қызметі») тәрізді өзіне тән қасиеттері бар, олар

өз кезегінде өзі тектес ұғымдармен оппозиттік қатынас құруға мүмкіндік береді. Осындай ізбен сөйлемге қатысты оппозиттік тізбені былай жалғастыруға болады: *жай сөйлем – құрмалас сөйлем; мүшеленетін сөйлем – мүшеленбейтін сөйлем; салалас құрмалас сөйлем – сабақтас құрмалас сөйлем; сөйлемнің тұрлаулы мүшелері – сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері және т.б.*

Омонимі. Мұнда дескриптор терминмен бірдей дыбысталып, бірдей айтылатын, бірақ мағыналары әртүрлі терминдердің (дескриптор мен аскриптор) семантикалық байланысы көрсетіледі: мысалы, *түбір* терминінің омонимі: 1) *өсімдіктің тамыры* (биология); *сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін, лексикалық мағынасын сақтаған негізгі бөлігі* (лингвистика); 2) *дәрежеге шығаруға кері алгебралық амал* (математика); 3) *тіс түбірі* (медицина). Егер дескриптордың омонимі болмаса, бос орын қалдырылады, мысалы, *сөйлем* терминінің омонимі жоқ. Осы ретте тезаурус жасау барысында терминдер жүйесіндегі салааралық омонимдерді көрсету тиімді екендігін атап өтеміз. Алайда төл сөздерден термин ретінде қалыптасқан терминдік бірліктердің жалпы қолданыстағы омоним сыңарларын тіркеу тезаурус құрылымының шұбалаңқылығына әкеп соқтыруы мүмкін.

Синонимі. Мұнда дескриптор терминмен дыбысталуы және жазылуы әртүрлі, бірақ мағыналары бірдей немесе өте жақын терминдердің (дескриптор мен аскриптор) семантикалық байланысы көрсетіледі: мысалы, *әріп* терминінің синонимі – *графема, таңба, графика, қаріп*); *сөйлем* терминінің синонимі – *сөйлеу бірлігі, синтаксистік тізбек, синтаксистік құрылым*.

Тезаурусқа тілдік материалдар жинау барысында терминологиялық синонимияның мынадай негізгі нұсқалары болатыны анықталды:

- төл сөз бен кірме сөз қатар келуі (*қысқарған сөздер – аббревиатура, қосымша – аффикс, нысан – объект, байласым (мәтін) – когезия, оқырман, тыңдаушы – адресат, бастауыштық-баяндауыштық қатынас – предикативтік қатынас, бірлік (синтаксистік) – единица (синтаксистік)*);

- құрамында тектік ұғым қатысқан терминдер және тектік ұғым түсіріліп айтылатын терминдер қатары (*дауысты дыбыс – дауысты, дауыссыз дыбыс – дауыссыз*);

- құрамында синоним сөздер бар терминдік тіркестер (*жай сөз тіркесі – дара сөз тіркесі, күрделі сөз тіркесі – күрделенген сөз тіркесі, амал бағыныңқылы сөйлемдер – қимыл-сын бағыныңқылы сөйлемдер*);

- түрлі сөзжасамдық жұрнақтар арқылы туындайтын синоним терминдер (*сөйлесім – сөйленім, айтылыс – айтылым, ойталқы – талқылау, қарсылас сөйлемдер – қарсылықты сөйлемдер, мезгілдес сөйлемдер – мезгілдік сөйлемдер*) және т.б.

Әзірленіп отырған терминологиялық тезаурусқа тіл білімінде белгілі синонимдік қатынастардың негізгі төрт түрі: 1) толық синонимдер (*әріп – графика*); 2) синтаксистік синонимдер (*көліктегі авария – көлік авариясы*); 3) квазисинонимдер (*тартылыс күші – ауырлық күші*); 4) сөзжасамдық синонимдер (*табиғатты қорғау – табиғатқорғау*) қамтылды және тезаурусқа дескрипторлардың синонимдерін беру терминдерді біріздендіру, жүйелеу мен реттеуге септігін тигізе алады деп санаймыз.

Гиперонимі. Мұнда дескриптор терминнің гиперонимі бола алатын аскриптор (немесе аскрипторлар) көрсетіледі: мысалы, *әріп* терминінің гиперонимдері – *грамматология, орфография, орфоэпия*; *сөйлем* терминінің гиперонимдері – *синтаксис, сөйлем синтаксисі, мәтін*.

Гипонимі: Мұнда дескриптор терминнің гипонимі бола алатын аскриптор (немесе аскрипторлар) көрсетіледі: мысалы, *әріп* терминінің гипонимі – *бас әріп, кіші әріп*; *сөйлем* терминінің гипонимі – *жай сөйлем, құрмалас сөйлем, сөйлем мүшелері*.

Терминдік тіркесімі. Мұнда дескриптор термин қолданылатын тіркестер көрсетіледі: мысалы, *әріп* дескрипторының терминдік тіркесімі – *әріп тану, кіші әріп, бас әріп, араб әрпі, латын әрпі, кирил әрпі, әріп білмеу*; *сөйлем* дескрипторының терминдік тіркесімі – *жай сөйлем, хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, лепті сөйлем, бұйрықты сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, жақты сөйлем, жақсыз сөйлем, атаулы сөйлем, күрделенген сөйлемдер, құрмалас сөйлем, салалас құрмалас сөйлем, сабақтас құрмалас сөйлем, сөйлем мүшелері, сөйлемнің тұрлаулы мүшелері, сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері*.

Туынды термин. Мұнда дескриптор терминнен туындайтын терминдер көрсетіледі: мысалы, *әріп* дескрипторынан туындаған терминдер – *әріптік, әріптес, әріпшілдік, әріптеу*; *сөйлем* дескрипторынан туындаған терминдер – *сөйлемдік (құрылым), сөйлемішілік, сөйлемаралық; сөзжасам* дескрипторынан туындаған терминдер – *сөзжасам теориясы, сөзжасам жүйесі, сөзжасам тәсілдері, сөзжасамдық жұрнақтар, сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық саты, сөзжасамдық тармақ, сөзжасамдық тізбей, сөзжасамдық жұп*.

Морфологиялық мык						Лексикалық мык									
Термин	Пані	Анықтамасы	Этимологиясы/құрамы	Жазуы	Мысалы	Дереккөзі	Терминнің авторы	Опозиті	Омонимі	Синонимдер қолжылы	Антонимдер	Гипероним	Гипоним	Терминдік тіркесімі	Туыстық термин
термин	пані	терминология, бастапқы пані, бастапқы мектеп әдістемесі, қазақ тілі	Термин дегеніміз — белгілі бір ғылым, білім, техника саласының заттары мен құбылыстарының атауы.	латын тілінен алынған, «шеңара» деген сөзден шыққан	Белгілі бір ғылым, кәсіп саласында терминдердің жиынтығы болады. Әрбір ғылым саласының терминологиясы мен терминологиялық құралдар арқылы көрінетін кәсіпін білдіретін ұғымдық байланыстарға иелі болады. Белгілі бір ғылым саласының табиғи жолмен жасалған терминдерінің жиынтығы терминология деп азырғас, терминдер арасындағы және олар білгілетін ұғымдар арасындағы қатынастарды анықтайтын реттегі терминологияны терминдік жүйе деп атайды.	С.Исмаилов. Қолжазбалы терминология. Ақтөбе. 2015. 175 бет.	белгісіз	сөз	жоқ					терминдік тіркесімі	терминдік тіркесімі
термин	пані	1) Бастапқы сөзтіркесінің құрамындағы сөздердің бастапқы әріптерінің немесе бастапқы дыбыстарының атауларының жасалған сөз. Әріптік аббревиатура. Бастапқы сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің бастапқы әріптерінің атымен атауларының тұратын аббревиатура. (КСРО). Әріптік-дыбыстық аббревиатура (аралас). Бастапқы сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің бастапқы әріптерінің атымен атауларының жасалған сөз.		әріп										терминдік тіркесімі	терминдік тіркесімі

1-сурет – Филология терминдері тезаурусының үлгісі

Жалпы тіл білімінде тезаурус әзірлеудің лингвистикалық және қолданбалы ерекшеліктерін төмендегіше жинақтап көрсетуге болады: а) барлық тезаурустар тілдік ақпаратты іздейтін лингвистикалық құрал болып табылады (сөздік ретінде саналады); ә) тезаурус әзірлеу ісі қазіргі компьютерлік технологиялармен тығыз байланысты (ақпараттық-іздеу құралы); б) тезаурустар білімді жинақтау, сақтау мен таратудың лингвистикалық-қолданбалы құралы болып табылады. Сонымен қатар тезаурус түзудің маңызды негізгі кезеңдері былайша топтастырылды: а) тезаурустың тақырыбын (саласын, мазмұнын) анықтау; ә) тезаурусқа енгізілетін сөзтізбе құрамын іріктеу және тезаурус сөзтізбесін қалыптастыру; б) тезаурусқа енгізілетін ұғымдарды жіктеу; в) тезаурустың параметрлерін (әліпбилік, лексика-семантикалық және т.б.) қалыптастыру; г) тезаурустың алғашқы редакциясының құрамын пысықтап, кеңейтіп, сараптама жүргізу; ғ) тезаурусты әрі қарай толықтырудың жүйесін, яғни оны қолдану барысында өзгерістер мен толықтырулар енгізу ережелері мен тәртібін әзірлеу.

Қорытынды

Кез келген тілдің терминологиялық тезаурус сөздігі ғылым салаларының, білім беру кеңістігі терминдерінің жүйеленуіне, тұрақталуына, бірізге түсуіне ықпал етеді. Тезаурус құрылымындағы сөздік мақала терминқор туралы ақпарат берудің басты құралы болғандықтан, оны құрайтын дескриптор мен аскриптор терминдердің байланысы терминологиялық жүйедегі өзара семантикалық және ұғымдық байланыстарды (қатынастарды) терең сипаттауға негіз болады. Мұндай байланыстар алгоритмі терминологиялық жүйедегі семантикалық қатынастарды, тектік және түрлік (гипероним, гипоним), сатылы байланыстарды ашып сипаттаудан көрінеді. Білім қоры осы байланыстарда жинақталады, сақталады әрі білім алушыларға жеткізіледі. Сонымен бірге, белгілі бір терминологиялық жүйенің практикалық тұрғыда реттелуіне септігін тигізе алады.

Қазақ тіліндегі филология терминдерінің тезаурусы мынадай мақсаттарға қызмет етеді:

- сала мамандарына, лингвист-ғалымдарға, оқулық авторлары мен әдіскерлерге, студенттер

мен оқытушыларға, мұғалімдер мен мектеп оқышыларына ғылыми-практикалық, әдістемелік құрал бола отырып, жалпы көпшіліктің ғылыми, тілдік санасын жаңғыртуға ықпал етеді;

- ғылыми еңбектер, оқулықтар мәтіндерінің түсініктілік деңгейін артырып, терминологиялық бірізділікке қол жеткізіледі;

- мәшинелік оқыту, мәшинелік аударма үдерісін жеңілдетіп, компьютер жадын қазақ орфограммаларына қатысты жүйелі білімдермен, терминологиялық базамен толықтыруға септігін тигізеді.

Тезаурустың түсіндірме сөздіктен ерекшелігі – сөздің мағынасын анықтамасы арқылы

ғана ажыратуға мүмкіндік беріп қоймай, сөзді басқа ұғымдармен және топтармен байланыстыру арқылы жасанды интеллект жүйесінің білім базасын толтыру үшін қолданылуында. Өйткені қазіргі кездегі тезаурустар, ең алдымен, ақпараттық ресурстарды жүйелеу, жіктеу және іздеу үшін пайдаланылады.

Мақала ЖТН BR21882249 «Мәдениетаралық коммуникация құралы ретіндегі Қазақ тілінің ұлттық корпусын (ҚТҰК) жетілдіру және оның ішкорпустарын кеңейту» бағдарламалық-нысаналы зерттеу аясында жазылды.

References

- Abikenova, L.T. (2024). Tezaurus quru adisinin adebi matinderdi zertteudegi manyzy [The importance of the method of creating a thesaurus in the study of literary texts] Iasau universitetinin Qabarshysy [Bulletin of Yassawi University]. Vol. 1 (131), P. 218-227. <https://doi.org/10.47526/2024-1/2664-0686.18> (in Kazakh)
- Aimukhambet, Zh.A. (2022). Abai poeziasyndagy «mangilik beineni» tezaurusuq taldau [Thesaurus analysis of the «eternal image» in the poetry of Abai]. Keruen [The Caravan]. Vol. 1 (74), P. 85-102. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-06> (in Kazakh)
- Baekееva, A.T. (2021). Qazaq tilindegi tau-ken terminologiasynyn qalyptasuy zhane agylshyn, orys tilderine audarylu erekshelikteri [The formation of mining terminology in the Kazakh language and features of translation into English and Russian]. 6D020700 – Audarma isi mamandygy [6D020700 – Specialty Translation Studies]. Filosofia doktory (PhD) ... diss. [Doctor of Philosophy (PhD) ... diss]. Nur Sultan (in Kazakh)
- Bayekeyeva, A., Tazhibayeva, S., Shaheen, A., Beisenova, Z., Mamayeva, G. (2022). Developing an Online Kazakh-English-Russian Thesaurus of Industry-Specific Terminology. International Journal of Society, Culture & Language. Vol. 10(1), P. 83-98. <https://doi.org/10.22034/ijsc.2022.543082.2465>
- Bayekeyeva, A., Tazhibayeva, S., Beisenova, Z., Shaheen, A., Bayekeyeva, A. (2021). Controlled Multilingual Thesauri for Kazakh Industry-Specific Terms. Social Inclusion. Vol. 9(1), P. 35-44. <https://doi.org/10.17645/si.v9i1.3527>
- Bimenova, Zh.B., Dzhumamuratov, R.A., Sidorova, E.A. (2013). Podhod k postroeniu russko-kazakhskogo tezaurusa po informatike [An approach to the construction of the Russian-Kazakh thesaurus in computer science]. Bestnik Buriatskogo gosudarstvennogo universiteta [Bulletin of the Buryat State University]. Vol. 9, P. 53-62. (in Russian)
- Castillo-González, W., Lepez, C.O., Bonardi M.C. (2022). Chat GPT: a promising tool for academic editing. Data and Metadata. Vol. 1, P. 23. <https://doi.org/10.56294/dm202223>
- Godwin-Jones, R. (2022). Partnering with AI: Intelligent writing assistance and instructed language learning. Language Learning & Technology. Vol. 26(2), P. 5-24. <http://doi.org/10.1257/73474>
- Han, B. (2020). Translation, from Pen-and-Paper to Computer-Assisted Tools (CAT Tools) and Machine Translation (MT). Proceedings. Vol. 63(1), P. 56. DOI: <https://doi.org/10.3390/proceedings2020063056>
- Kalla, D., Smith, N., Samaah, F., Kuraku, S. (2023). Study and Analysis of Chat GPT and its Impact on Different Fields of Study. International Journal of Innovative Science and Research Technology. Vol. 8, Iss. 3, P. 827-833. [Electronic resource]. URL: <https://ssrn.com/abstract=4402499> (Date of use: 12.05.2024)
- Qadyrgali Zhalaiyrdyn “Zhamigat tauatih” zhylnamasynyn tezaurus sozdigi (2011). [The Thesaurus Dictionary of the annals of Kadyrgali Zhalayir “Zhamiat tauarikh”]. Almaty. Institute of linguistics (in Kazakh)
- Mamyrbekova, G., Seitbekova, A. (2013). Abilgazy bahadur hannyn “Turki shezhiresinin” tezaurus sozdigi [The Thesaurus Dictionary of the “Turkic Chronicle” of Abilgazy Bahadur Khan]. Almaty: “Firm Ornak” (in Kazakh)
- Musk, N. (2022) Using online translation tools in computer-assisted collaborative EFL writing. Classroom Discourse. Vol. 13 (2), P. 119-144, <https://doi.org/10.1080/19463014.2021.2025119>
- Nikitina, S.E. (1983). Tezaurus kak sposob opisania i predsravenia iazyka nauki (na materiale lingvisticheskoi terminologii) [Thesaurus as a way of describing and representing the language of science (based on the material of linguistic terminology)]. Avtoref. diss. kand. filol. nauk. [Abstract of the dissertation of the Candidate of Philological sciences]. Moscow (in Russian)
- Osokina, S.A. (2015). Osnovania lingvisticheskoi teorii tezaurusa [The foundations of the linguistic theory of thesaurus]. Spetsialnost: 10.02.19 – teoriya iazyka [Specialization: 10.02.19 – theory of language]. Diss. ... doktora filol. nauk. [Diss. ... Doctor of Philology]. Barnaul (in Russian)
- Rowe, L. (2022). Google Translate and Biliterate Composing: Second-Graders’ Use of Digital Translation Tools to Support Bilingual Writing. TESOL Quarterly. Vol. 56, Iss. 3, P. 883-906. <https://doi.org/10.1002/tesq.3143>

Sambetbaeva, M.A. (2016). Gylymi-bilim беру qyzmetin qoldanuga arналған aqparattyq zhuie ushin aqparattyq tehnologialar boiynsha qazaq tili morfologiasyn eskere otyryp koptyldi tezaurus zhasau [The development of a multilingual thesaurus on information technologies taking into account the morphology of the Kazakh language for an information system to support scientific and educational activities]. 6D070300: Dok. PhD. ... dis. [6D070300: Doc. PhD. ... dis.]. Astana (in Kazakh)

Sambetbayeva, M., Kuspanova, I., Yerimbetova, A., Serikbayeva, S., Bauyrzhanova, Sh. (2022). Development of Intelligent Electronic Document Management System Model Based on Machine Learning Methods. Information technology. Industry control systems, Vol. 1, Iss. 2, P. 68-76. doi: <https://doi.org/10.15587/1729-4061.2022.251689>

Sarekenova, Q.Q. (2022). Abai Qunanbaiuly shygarmalary boiynsha tezaurustыq taldaу [Thesaurus analysis on the works of Abay Kunanbayuly]. Toraigyrov universitetinin Qabarshysy [Bulletin of Toraigyrov University]. Filologialyq seriasy [Philological series]. Vol. 2, P. 222-232. <https://doi.org/10.48081/CAIM8757> (in Kazakh)

Sharipbay, A.A., Ergesh, B. Zh., Mukanova, A.S., Zulkhazhav, A. (2020). Turki tilderinin grammatikasy tezaurusynyn quramy men qurylymy [Composition and structure of the thesaurus of grammar of Turkic languages]. Vestnil Almatinskogo universiteta energetiki i sviazi [Bulletin of the Almaty University of Energy and Communications]. Vol. 3 (50), P. 111-117. https://doi.org/10.51775/1999-9801_2020_50_3_111 (in Kazakh)

Sharipbay, A.A., Razakhova, B.Sh., Mukanova, A.S., Zhetkenbay, L. (2020). Turki tilderi grammatikasynyn tezaurusyna qoiylatyn talaptar [Requirements for the thesaurus of grammar of Turkic languages]. Abai atyndagy QazUPU-nin Qabarshysy, «Fizika-matematika gylymdary» seriasy [Bulletin of Abai Kaznpu, Series «Physical and Mathematical» series]. Vol. 3 (71), P. 276-282. <https://doi.org/10.51889/2020-3.1728-7901.43> (in Kazakh)

Schrader, Yu.A. (1982). Sistemy i modeli [Systems and models]. Moscow. Radio and communications (in Russian)

Zhubanov, A.Q. (2012). Qazaq til bilimi: qoldanbaly lingvistika [Kazakh linguistics: Applied Linguistics]. Almaty. “Kie” lingvoeltanu innovatsialyq ortalygy. (in Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Әлісжан Сарқыт Қалымұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Назарбаев Университеті (Қазақстан, Астана қ., e-mail: aliszhan@mail.ru);

Құлманов Сәрсенбай Қуантайұлы (корреспондент автор) – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: k.k.sarsen@mail.ru);

Әшімбаева Нағима Мәсімақыңқызы – филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: nagima010@mail.ru);

Бисенғали Ақмарал Зинол-Ғабденқызы – PhD, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: sarestek@gmail.com).

Information about the authors:

Alizhan Sarkyt Kalymovich – Doctor of Philology, Professor, Nazarbayev University (Kazakhstan, Astana, e-mail: aliszhan@mail.ru);

Kulmanov Sarsenbai Kuantaevich (corresponding author) – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, A. Baitursynov Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty, e-mail: k.k.sarsen@mail.ru);

Ashimbayeva Nagima Masimakynovna – Candidate of Philological Sciences, A. Baitursynov Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty, e-mail: nagima010@mail.ru);

Bissengali Akmaral Zinol-Gabdenkyzy – PhD, A. Baitursynov Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty, e-mail: sarestek@gmail.com).

Сведения об авторах:

Алисжан Сарқыт Қалымович – доктор филологических наук, профессор, Назарбаев Университет (Казахстан, г. Астана, e-mail: aliszhan@mail.ru);

Кульманов Сәрсенбай Қуантаевич (автор – корреспондент) – кандидат филологических наук, доцент, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы (Казахстан, г. Алматы, e-mail: k.k.sarsen@mail.ru);

Ашымбаева Нағима Масимақыновна – кандидат филологических наук, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы (Казахстан, г. Алматы, e-mail: nagima010@mail.ru);

Бисенғали Ақмарал Зинол-Ғабденовна – PhD, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы (Казахстан, г. Алматы, e-mail: sarestek@gmail.com).

Келін түсті: 26 мамыр 2024 жыл

Қабылданды: 1 наурыз 2024 жыл